

Ақынның шығармашылық кеші

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада 2016 жылдың 23 ақпан күні асқақ жырымен биік белеске көтерілген ақын Арман Қанидың «Артымда қалса бір шумақ өлең» атты шығармашылық кеші өтті.

Ақындықтың ақ туын биік көтеріп, бойындағы барын, ойындағы нәрін еліне арнаған әрбір жан – Алаш үшін аса қымбат. Ақындық деген тәңірдің берген сап алтындай сыйы болғанымен, ақындық жолдың шиыр емес екенін бұрын-соңды ғұмыр кешкен ақындардың өмір соқпағынан білеміз. Ақ түтектеп тұратын ақпанның орны біз үшін ерекше. Өйткені әр қазақтың жүрегінде өзіндік орны бар біртуар азаматтарды өмірге әкелген ай. Сонау халық поэзиясының алыбы, «XX ғасырдың Гомері де», әр жүректің төріне енген, Хан Тәңірінің Мұзбалағы Мұқағали да осы бозарып тұрған ақпанда өмірге келген. Дәл осы айда яғни 22-ақпан күні жерлесіміз, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағы Павлодар облыстық филиалының директоры Арман Қани Бактанұлы да өмір есігін ашқан. Иә, жыр күлігіне қамшы салған қаламгер өмірдің сан соқпағы тисе де мұқалмай ұлты үшін, елі үшін еңбек етіп, артына өшпес із, өлмес мұра қалдырып келеді.

Бірегей ақын ағамыз биыл 62 жасқа толып отыр. Бұл мерейлі мерекені Павлодар облыстық кітапханасының жанынан құрылған «Өркен» жас ақындар клубы да назардан тыс қалдырмады. Ақынның туған күніне орай өткізілген шығармашылық кеште қаламгердің өмірі жолы мен өнер жолына арналған бейнесюжет көрсетіліп, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Облыстық кітапхананың директоры Шахметова Шолпан Баянқызы шайырды құттықтап, алғысын білдіріп: «Ақынды ең алдымен аяулы Отан, қасиетті Қазақстанның тағдыры толғандырады. Арман Қанидың шығармашылығымен таныстыру мақсатында ұйымдастырылып отырылған іс-

шара Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай жыр-сүйер қауымға ұсынылған жақсы тарту» екендігін атап өтті.

Кеш барысында жас ақындар Арман Бактанұлына өз арнау өлеңдерін оқып, күрескер ақынның жырларын жатқа айтты, келген қонақтардың жанына рухани азық сыйлады. Әбүдәуіт Займолданың орындауында Арман Қанидың өлеңіне жазылған танымал айтыскер ақын Алмагүл Жүгінісованың «Жаным, сені қалайша аңсамайын?» әні орындалып, көрермендердің ықыласына бөленді.

Ақтаңгер ақын мен бірге өлкеміздің белгілі қаламгері, ардақты жазушысы Сүлеймен Баязитов шығармашылық кештің құрметті қонағы болды. Ақынның оқырмандары, жақын достары, зиялы қауым өкілдері де поэзиялық кештен тыс қалмады. Ақынның кешіне оның «күс көңіліне» күні бүгінге дейін жақын, жүрегіне ыстық мекені – №3 облыстық қазақ мектеп интернатының (Қазіргі Ы. Алтынсарин атындағы гимназия-интернаты) түлектері де келді. «Өркен» жас ақындар клубының мүшелері: Шәпи Бақдәулет, Айсұлу Хызай, Нурбаев Серікжан, Авдол Ламия, Мауығайқызы Мөлдір, Базарбай Майра, Серікбол Сейіл, Асылбек Март, Нұрбақыт Қуатбек, Қапар Салтанат, Сұңкар Өмірхан, Бауыржан, Мұхамед Уәли, Қарлығаш, Дәуренбек өнер көрсетті. Поэзияға құмар 20 шақты жастар енген клуб жұмысын ұйымдастырушы – кітапханашы Бакытжан апай, жетекшісі – ақын Оралхан Айбек кеш соңында Арман Қаниға клуб мүшесі Ақпал салған ақынның портретін табыс етті. Өз кезегінде Арман Бактанұлы тыңдармандарға алғысын айтып, олардың сауалдарына жауап беріп, сүйікті өлеңдерін оқыды; өзінің өкшесін басып, өнерге бет бұрған жас «Өркенге» батасын беріп, шығармашылық шабыт тіледі.

Авдол Ламия,
ПМПИ-дың студенті,
«Өркен» жас ақындар клубының мүшесі